

Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге 2011 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 10 наурыздағы № 241 Қаулысы

«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңына сәйкес және ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарды аса қауіпті инфекциялық және инвазиялық аурулардан қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге 2011 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидасы **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
Қ а з а қ с т а н	<i>К. Мәсімов</i>	
Ү к і м е т і н і ң	Р е с п у б л и к а с ы	
2 0 1 1	ж ы л ғ ы	1 0
№	2 4 1	н а у р ы з д а ғ ы
қ а у л ы с ы м е н		
бекітілген		

Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге 2011 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге 2011 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидасы (бұдан әрі - Қағида) 009 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне эпизоотияға қарсы шараларды жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер»

республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді (бұдан әрі - ағымдағы нысаналы трансферттер) пайдалану тәртібін анықтайды.

2. Ағымдағы нысаналы трансферттер 053 «Эпизоотияға қарсы шаралар, жануарлар мен құстардың қауіпті жұқпалы және созылмалы ауруларының ошақтарын жою» бюджеттік бағдарламасы бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) орталықтандырып сатып алған ветеринариялық препараттарды тасымалдауға, уақытша сақтауға және қолдануға байланысты шығыстарды жабуға бағытталған және м ы н а л а р д ы :

- 1) ветеринариялық препараттарды;
- 2) ветеринариялық препараттарды уақытша сақтау;
- 3) ветеринариялық препараттарды қолдану жөніндегі қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруды көздейді.

Ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Ағымдағы нысаналы трансферттер Министрлік бекітетін жануарлардың аса қауіпті ауруларының алдын алу және диагностикасы жөніндегі ветеринариялық іс-шаралардың 2011 жылға арналған жоспарында (бұдан әрі - Ветеринариялық іс-шаралар жоспары) көзделген іс-шараларға бөлінеді.

Қандай да бір облыс, Астана және Алматы қалалары бөлінген қаражатты толығымен игермеген жағдайда, Министрлік заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне 2011 жылға арналған республикалық бюджетте бюджеттік бағдарламаны іске асыруға көзделген қаражат шегінде облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге арналған қаражатты қайта бөлу туралы ұсыныс енгізеді.

2. Эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі

5. Министрлік республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ретінде төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларына сәйкес, Ветеринариялық іс-шаралар жоспарының негізінде, сондай-ақ қол қойылған Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі мен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері арасындағы нысаналы ағымдағы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім шенберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы ағымдағы трансферттерді аударады.

6. Облыстардың ауыл шаруашылығы басқармалары аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері мен облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы арасындағы нысаналы ағымдағы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім, төлемдер бойынша тиісті бюджеттік бағдарламаны жеке қаржыландыру жоспары, сондай-ақ Ветеринариялық іс-шаралар жоспары негізінде республикалық бюджеттен алынған нысаналы ағымдағы трансферттерді аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне аударады.

7. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ауыл шаруашылығы басқармалары ветеринариялық препараттарды тасымалдау жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарды ұйымдастырушы болып табылады.

Астана және Алматы қалаларының ауыл шаруашылығы басқармалары, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ветеринария бөлімдері ветеринариялық препараттарды уақытша сақтау, ветеринариялық препараттарды қолдану бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарды ұйымдастырушы болып табылады.

8. Ветеринариялық препараттарды тасымалдау Астана, Ақтөбе және Алматы қалаларында орналасқан франко-қоймалардан жүзеге асырылады.

9. Облыстардың ауыл шаруашылығы басқармалары ветеринариялық препараттарды аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) арасында ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын пайдалану бағыттарына сәйкес, Ветеринариялық іс-шаралар жоспарына сай бөлуді жүзеге асырады.

10. Астана және Алматы қалаларының ауыл шаруашылығы басқармалары, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ветеринария бөлімдері ветеринариялық препараттарды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің ветеринариялық препараттарды қолдану жөніндегі қызметтерді көрсетушілер арасында ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын пайдалану бағыттарына сәйкес, Ветеринариялық іс-шаралар жоспарына сай бөлуді жүзеге асырады.

11. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ауыл шаруашылығы басқармаларында (бұдан әрі - басқармалар), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ветеринария бөлімдерінде орындалған жұмыстарды бағалау комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) құрылады.

Басқармалардың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ветеринария бөлімдері (бұдан әрі - Бөлім) Комиссияның жұмыс органдары болып табылады.

12. Ветеринариялық препараттарды тасымалдау жөніндегі, ветеринариялық препараттарды уақытша сақтау жөніндегі, ветеринариялық препараттарды қолдану жөніндегі қызметтерді көрсетушілер Ветеринариялық іс-шаралар жоспарына сәйкес ай сайын жұмыстардың орындалуына қарай, бірақ 2011 жылғы 15 желтоқсанныан кешіктірмей Бөлімге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген қызметтерді

б а ғ а л а у

а к т і л е р і н ;

2) осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген қызметтердің а к т і л е р і н .

13. Бөлім ай сайын құжаттардың түсуіне қарай бес жұмыс күні ішінде, бірақ 2011 жылғы 20 желтоқсанның кешіктірмей осы Қағиданың 12-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттарды тексереді. Олар осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда жиналған құжаттарды басқармаға, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ветеринария бөлімдеріне қарауға және ақы төлеуге ұсынады.

14. Ұсынылған құжаттар осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда Бөлім үш жұмыс күні ішінде сәйкес келмеу себептерін сипаттай отырып, оларды ветеринариялық препараттарды тасымалдау, ветеринариялық препараттарды уақытша сақтау жөніндегі, ветеринариялық препараттарды қолдану жөніндегі қызмет көрсетушілерге пысықтауға қайтарады.

15. Көрсетілген қызмет үшін тиісті қызметтер көрсетушілердің банктік шоттарына қаржылай қаражат аударуды басқарма, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесіне екі данада төлем шоттарының тізілімін және төлем шоттарын ұсыну жолымен жүзеге а с ы р а д ы .

16. Басқармалар Министрлікке ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде, ал жылдың қорытындылары бойынша 2011 жылғы 25 желтоқсанның кешіктірмей, ал қаражат толығымен игерілмеген жағдайда есебі көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттер қаражатының, пайдаланылуы туралы есептерді ұсынады.

17. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Министрлікке жарты жылдықтың қорытындылары бойынша 30 шілдеден кешіктірмей аралық есепті, ал жылдың қорытындылары бойынша келесі қаржы жылының 15 ақпанынан кешіктірмей ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдерге сәйкес бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелерге іс жүзінде қол жеткізу туралы қорытынды есепті ұ с ы н а д ы .

18. Министрлік Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес нәтижелер туралы жасалған келісім негізінде төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттердің аударылмағаны үшін жауапты б о л а д ы .

19. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері мен жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бірінші басшылары Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес ағымдағы нысаналы трансферттердің ағымдағы нысаналы трансферттер

бойынша жасалған келісімге сәйкес пайдаланылмағаны, тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жетпегені, алынған ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткен тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есепті бермегені үшін жауапты болады.

Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге 2011 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидасына
1-қосымша

Көрсетілген қызметтерді бағалау актісі

_____ 20__ ж. «__» _____
(облыс , аудан , елді мекен)
_____ құрылған комиссия,
(Комиссияның кімнің шешімімен құрылғаны, шешімнің күні және нөмірі көрсетілсін)
құрамында: Комиссия төрағасы, _____
(Т.А.Ә., атқаратын лауазымы)
Комиссия мүшелері, _____
(Т.А.Ә., атқаратын лауазымы)
сондай-ақ 20__ ж. «__» _____ № _____ сенімхатқа сәйкес
_____ мүдделерін білдіруге уәкілетті
(қызметтер көрсетушінің толық атауы)
_____ мынадай қорытынды жасады:
(Т.А.Ә.)

Қызметтердің толық атауы	Көрсетілген қызметтің қысқаша сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Көрсетілген қызметтердің көлемі	Бірлік бағасы (теңге)	Сомасы (теңге)

Көрсетілген қызметтердің қосымша сипаттамасы:

_____ (атап шығыңыз)
Көрсетілген қызметтерге наразылық жоқ (наразылық болған жағдайда атап шығыңыз)._
_____ Комиссия төрағасы
(Т.А.Ә., қолы)

Комиссия мүшелері

(Т.А.Ә., қолы)

Қызметтер көрсетушіден

(Т.А.Ә., қолы)

Облыстық бюджеттердің, Астана және
Алматы қалалары бюджеттерінің
эпизоотияға қарсы іс-шараларды
жүргізуге 2011 жылғы республикалық
бюджеттен берілетін ағымдағы
нысаналы трансферттерді
пайдалану қағидасына
2-қосымша

Көрсетілген қызметтердің актісі

20__ ж. «__» ____

(облыс, аудан, елді мекен)

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын ____
(мекеме атауы)

атынан 20__ ж. «__» ____ № ____ бұйрығы негізінде әрекет
ететін ____ және бұдан әрі «Қызметтер
(Т.А.Ә. атқаратын лауазымы)

көрсетуші» деп аталатын ____ атынан
(қызметтер көрсетушінің толық атауы)

20__ ж. «__» ____ № ____ Жарғы (сенімхат) негізінде әрекет
ететін ____ 20__ ж. «__» ____ көрсетілген қызметтерді
(Т.А.Ә. атқаратын лауазымы)

бағалау актісіне сәйкес төмендегі туралы осы Актіні жасады.
Қызметтер көрсетуші оның және Тапсырыс берушінің арасында жасалған
20__ ж. «__» ____ № ____ Шартқа сәйкес мынадай
сипаттамадағы қызметтерді көрсетті:

Қызметтердің толық атауы	Көрсетілген қызметтің қысқаша сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Көрсетілген қызметтердің көлемі	Бірлік (теңге)	бағасы	Сомасы (теңге)

Көрсетілген қызметтердің қосымша сипаттамасы:

(атап шығыңыз)

Көрсетілген қызметтерге наразылық жоқ (наразылық болған жағдайда атап шығыңыз) _

1. Алынған тауарлардың жалпы құны _____

2. Аванс сомасы _____

3. Бұрын актіленген сомасы _____

4. Төлеу керегі _____

Тапсырыс беруші үшін _____

Қызметтер көрсетуші үшін _____

(Т.А.Ә. атқаратын лауазымы)

(Т.А.Ә. атқаратын лауазымы)

(қолы, мөртаңбасы)

(қолы, мөртаңбасы)